

13  
>

Шығыс  
жұртының  
ықыласы  
шабыт береді



24  
>

Ертістің  
екі жағалауын  
аспалы  
трамвай  
жалғайды



# DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

1931 жылдың 24 қазанынан шығады

№22 (18480)

13 маусым 2024 жыл

WWW.DIDAR-GAZETI.KZ



3  
>

## РЕФОРМАНЫҢ ҮШТАҒАНЫ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ



12  
>

Өскеменде  
қымыз тойы  
өтті



14  
>

Құрбан айт  
келе жатыр



#МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# Сүйікті жұмысы бар адам – бақытты

**Мақпал Рахимжанова 27 жасында медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті облыстық департаментінің фармацевтикалық қызметті бақылау және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арналған бағаларды мониторингілеу бөлімінің басшысы болып тағайындалды.**

Мақпалдың балалық және жастық шағы Катонқарағай ауданы, Ақсу ауылында өтті. Ол отбасындағы бесінші бала. Әпкесі сияқты фармацевт болуды жастайынан армандаған және сол арманына қол жеткізді. Химия пәнін сүйіп оқыды. Ақсу орта мектебін бітіргеннен соң Мақпал Семей медицина университетіне фармацевт мамандығы бойынша оқуға түсті. 2020 жылы университетті бітірген жас маман мемлекеттік қызметте бағын сынап көруге бел буды.

2021 жылдың наурыз айында Мақпал Рахимжанова Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің облыстық департаменті фармацев-

тикалық қызметті бақылау және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арналған бағаларды мониторингілеу бөлімінің бас маманы ретінде жұмысқа қабылданды.

– Бөлім басшысы ретінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналымы саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын бақылауды жүзеге асырамын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараймын. Жауапкершілік зор, сондықтан мен сауатты қызметкер болуға ғана емес, өз кәсібилігімді



үнемі арттыруға және азаматтардың игілігі үшін мемлекеттік қызметтерді барынша сапалы көрсетуге тырысамын, – дейді Мақпал Рахимжанова.

Жоғарыда айтылған сөздері расталып, өткен жылы Медицина қызметкері күні қарсаңында Мақпал денсаулық сақтау саласына қосқан кәсіби ең-

бегі мен қомақты үлесі үшін департамент басшылығының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мақпал жұмыстан бос уақытында волейбол, теннис ойнайды, ән айтқанды ұнатады және психология туралы кітаптарды көп оқиды. Ең бастысы отбасына және кішкентай ұлына көңіл бөліп, бала тәрбиесімен айналысуды бәрінен жоғары қояды.

– Мен бақытты адаммын деп сенімді түрде айта аламын. Менің сүйікті жұмысым бар, өзіме ұнайтын іспен айналысамын. Мен сондай-ақ осы ұжымда жұмыс істегеніме өте бақыттымын. Әріптестерім тату, қиын сәтте көмекке келуге дайын. Әрбірі мемлекеттік қызметшінің бойында болу керек қасиеттерге ие, жауапкершіліктері мол, адал, білімді және әдепті.

Әлия Сейсенбаева

#ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

## Үлескерлік құрылысқа қатысу: нені білу керек?

**Тұрғын үй сатып алу – көп адамдар үшін өзекті мәселе. Баспанаға қол жеткізудің кең тараған түрі үлескерлік құрылысқа қатысу. Алайда бұл ретте бірқатар маңызды жайттарға назар аудару керек.**

Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы (МСҚББ) өңір тұрғындарына үлескерлік құрылыс үш жолмен жүзеге асырылатынын хабарлайды:

1. Бірыңғай оператордан кепілдік алу («ҚТК» АҚ кепілдігін алуды талап етеді);
2. Екінші деңгейлі банктің жобасына қатысу (ЖАО рұқсаты қажет);
3. Көппәтерлі тұрғын үйдің қаңқа-сын тұрғызғаннан кейін үлескерлердің

ақшасын тарту (ЖАО рұқсаты қажет).

Қазір Өскемен қаласының аумағында үлескерлердің қаражатын тартуға «ҚТК» АҚ-ның кепілдігі «**Жаным» тұрғын үй кешені** мен «**Sparkle Diamond» тұрғын үй кешені** бойынша ғана берілген.

2023 жылдың қорытындысы бойынша «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңның талаптарын бұзғаны үшін Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс

бақылау басқармасымен (МСҚББ) сегіз ұйым әкімшілік жауапкершілікке тартылды, атап айтқанда:

1. «Astoria» ТК;
2. «Delux Town» ТК;
3. «Emeralds» ТК;
4. «Renesans» ТК;
5. «AB-Residence» ТК;
6. «Tumar Towers» ТК;
7. «Grand Residence» ТК;
8. «Премьера» ТК.

Биыл облыстық МСҚББ-мен «**Ray residence» тұрғын үй кешені** бойынша «**DALA SK GROUP» ЖШС-ға** қатысты әкімшілік іс қозғалды.

Бүгінгі таңда төрт тұрғын үй кеше-

нін салу үшін құжаттардың толық пакеті жоқ, оның үшеуі шұңқыр қазу кезеңінде тоқтатылды:

1. «Astoria» ТК;
2. «Asyl Tau» ТК;
3. «Шаңырақ» ТК;
4. «Krilova» ТК (ЖСҚ-дан ауытқу).

Салынып жатқан тұрғын үйден баспана сатып алуды жоспарлаған кезде әр азамат аталған құрылысқа ақша тартуға тиісті рұқсаттың бар-жоғын «ҚТК» АҚ-ның тұрғын үй порталынан (homeportal.kz) өз бетінше тексере алады.

Дидар ақпарат

### Бос жұмыс орындар

«Казцинк» ЖШС Өскемен металлургия кешеніне мынадай мамандар қажет:

- Слесарь-жөндеуші;
- су ерітінділері электролизшісі;
- балқытушы;
- аппаратшы-гидрометаллург;
- шикіқұрам тиеуші;
- катодшы;
- түйіспелі күкірт қышқылын өндіру аппаратшысы;
- вельцпештерде істейтін пешші;
- бағалы металдар өндірісіндегі аппаратшы;
- түсті металлургия өнімін бақылаушы;
- күйдіруші;
- шикіқұрам дайындаушы;
- сынама алушы;
- шаңгаз қондырғыларына күтім көрсету жөніндегі оператор.

Іздәнушілерге қойылатын талаптар: орташадан төмен емес білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

- **Электр жабдықтарын жөндеу және оларға күтім көрсету жөніндегі электрмонтері;**

- **БӨА жәнеА электр жабдықтарын жөндеу және оларға күтім көрсету жөніндегі электрмонтері;**

- **кран машинисі (краншы);**

- **электргазбен пісіруші;**

- **тиегіш жүргізушісі,**  
Іздәнушілерге қойылатын талаптар: орташа кәсіптіктен төмен емес білім, мамандығы туралы куәлігінің болуы, жұмыс тәжірибесі болса құба-құп.

Байланыс деректері: 8 (7232) 29-15-40, түйіндемені мына мекенжайға ұсыну керек: Промышленная к-сі, 1/49 немесе мына эл. мекенжайға жолдау керек Tatuana.Issimbayeva@kazzinc.com

«Казцинк-Транс» өнеркәсіптік кешеніне мынадай мамандар қажет:

**Автомобильді кран машинисі А, В, С, D және Е ашық санатты автогидрокөтергіштің** автомұнара машинисі куәлігі болу керек;

**Тиегіш жүргізушісі** белгіленген үлгідегі тракторшы-машинист куәлігі, «D» санатты механизмдерді басқару құқы болу керек.

Байланыс деректері: 8 (7232) 29-21-74. Түйіндемені мына эл. мекенжайға жолдау керек: Ltsios@kazzinc.com .

«Казцинк-Автоматика» өнеркәсіптік кешеніне мынадай мамандар қажет:

**Электр жабдықтарын жөндеу және оларға күтім көрсету жөніндегі электрмонтері;**

**Автоматтандыру және телекоммуникациялар жүйелерін жобалау тобының маманы, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженер.**

Байланыс деректері: 8 (7232) 29-21-74, түйіндемені мына эл. мекенжайға жолдау керек: Aida.Kussainova@kazzinc.com.

### Хабарландыру

2024 жылдың 21 маусымынан бастап «Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданындағы Күршім-Қалжыр кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша 10 жұмыс күні ішінде талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама пакетімен <https://ecportal.kz/> бірыңғай экологиялық порталының «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаның тапсырыс берушісі – «ЭЛХОН» ЖШС, (БИН 040540002030). Мекенжайы: Өскемен қ., Қабанбай батыр көшесі, 97/2-502, тел: 8 (778) 648-43-42. E-mail: baysu21@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган – «Шығыс Қазақстан облысының «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: 8 (723) 225-73-20.

### Хабарландыру

2024 жылғы 21 маусымнан бастап 20 жұмыс күні ішінде «Жер телімін мемлекеттік орман қоры жерлері санатынан орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес басқа санаттар жерлеріне ауыстыру» жобасы бойынша ашық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі (ШҚО, Алтай ауданы, Жаңа Бұқтырма к.)

Ескертулер мен ұсыныстар жолдау үшін жобалық құжаттар пакетімен <https://ecportal.kz/> Бірыңғай экологиялық порталындағы «Жарияланған жариялы талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаға тапсырыс берушісі – «Казцинк» ЖШС, ШҚО, БСН 970140000211, Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қ., Промышленная к-сі, 1, тел: 8/7232/ 29-14-24, эл. пошта kazzinc@kazzinc.com.

Жергілікті атқарушы орган – «ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: 8/7232/257206, priemnaya\_upriprvko@akimvko.gov.kz.

### «ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС

клиенттерді тарту үшін әкелген тапсырыс құнының 30%-ға дейін сомасын төлей отырып студенттер мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың ішінен жарнама агенттеріне іріктеу жариялайды.

**Түйіндемені мына поштаға жолдау қажет:** marketing@altaynews.kz.

**Телефон:** 8-777-239-76-82.

**Қажетті дағдылар:**

- Тіл табыса білу;
- Орыс және қазақ тілдерін білу.